

## ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЗАТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Жолдасова Жангүл Амангелдіқызы

[zhangul98@mail.ru](mailto:zhangul98@mail.ru)

7М01101 - Педагогика және психология білім бағдарламасының 1 курс магистранты  
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, философия докторы (PhD) - Мугауина Г.О.

Еліміздегі білім беруді модернизациялаудың қазіргі жағдайында мектеп пен мұғалімдердің алдында тұрған мақсаттар мен міндеттер өзгеруде. Заманауи білім беру технологияларын қолдануда оқушылардың жүктемесін төмендетудің, білім беру сапасын көтерудің және оқу уақытын тиімді пайдаланудың негізгі шарты ретінде қарастыруда. Бұл тұрғыда, педагогикалық технологияны практикада жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы деп қарастыруымызға болады.

Педагогикалық технология - бұл оқыту және білімді меңгеру процесін, техникалық және адам ресурстарын ескере отырып, оларды өзара әрекеттестіре отырып жасау, қолдану және анықтау жүйелі әдісі [1]. Сондай-ақ, оның мақсаты - білім беру формаларын оңтайландыру болып табылады.

Педагогикалық технология ұғымы педагогикалық және психологиялық әдебиеттерде жиі кездестіреміз. Ғылыми әдебиеттерде «технология» ұғымы компьютерлік техниканың дамуымен және жаңа компьютерлік технологиялардың енгізілуімен бірге енгізілдірілді деп көрсетіледі. Жалпы аталған ұғым 60-шы жылдары АҚШ пен Англия елдерінде пайда бола бастап, бүгінгі таңда әлемнің барлық елдеріне таралды. Педагогикалық технологияларды оқу процесінде қолданудың әсері. Олар сабақтарды қызықты әрі сенімді етіп жасауға, оқылатын ақпаратты қолжетімді етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл технологиялар оқушылардың танымдық әрекетін басқаруға, білімді, дағдыларды және қабілеттерді меңгеру қарқынын, қиындық деңгейін, қызығушылықтарын және басқа ерекшеліктерді ескере отырып жұмыс істеуге жағдай жасайды.

Педагогикалық технология ұғымын үш аспектісін төмендегідей тізбектеуге болады:

1. Ғылыми аспект (педагогика ғылымының бір бөлігі ретінде оқу мақсаттары, мазмұны және әдістерін зерттейтін, оны әзірлейтін, педагогикалық процестерді жобалайтын сала);
2. Процессуалдық аспект (процестің сипаттамасы және оқу нәтижелерін жоспарлы түрде қол жеткізу үшін мақсаттар, мазмұн, әдістер мен құралдардың жиынтығы);
3. Әрекеттік аспект (педагогикалық технологиялық процесті жүзеге асыру, жеке тұлғалық, құралдық және әдістемелік педагогикалық құралдардың барлығының жұмыс жасай алуы).

Әрбір педагогикалық технология негізгі әдіснамалық талаптарға және технологиялық критерийлеріне сәйкес болуы тиіс. Ол критерийлерге тұжырымдамалық,

жүйелілік, басқарушылық, тиімділік, қайта өңдеуді жатқыздыра аламыз және жеке тоқталуды жөн көрдік.

Педагогикалық технологияның тұжырымдалығы - әрбір педагогикалық технологияда білім беру мақсаттарына жетуді қамтамасыз ететін философиялық, психологиялық, дидактикалық және әлеуметтік-педагогикалық негіздерге сүйенетін нақты ғылыми концепцияның болуы керек екендігін білдіреді.

Жүйелілігі - педагогикалық технологияның барлық жүйе белгілеріне ие болуы керек екенін білдіреді: процестің логикасы, оның бөліктерінің өзара байланысы, тұтастығы.

Басқарушылығы - диагностикалық мақсат қою, жоспарлау, оқу процесін жобалау, кезең-кезеңімен диагностикалау, нәтижелерді түзету мақсатында құралдар мен әдістерді өзгерту мүмкіндігін болжайды.

Тиімділігі - қазіргі педагогикалық технологиялар бәсекелестік жағдайында өмір сүріп, нәтижелері бойынша тиімді және шығындар бойынша оңтайлы болуы керек екенін, сондай-ақ белгіленген оқу стандартын қамтамасыз етуі қажет екенін көрсетеді.

Қайта өңдеуі - бұл педагогикалық технологияны басқа ұқсас білім беру мекемелерінде, басқа субъектілермен қолдану (қайталау, қайта жасау) мүмкіндігін білдіреді.

Жоғарыдағы көрсетілген технологиялық критерийлері педагогикалық технологияның құрылымын анықтайтынын анықтауға болады.

Олай болса, педагогикалық технология ұғымын меңгере отырып, ерекше білімді қажет ететін оқушыларды оқытуда педагогикалық технологияларды тиімді қолдану жолдарына тоқталамыз.

Ерекше білімді қажет ететін балаларға педагогикалық технологияларды пайдалану және балалармен бірлесе отырып, оқытуды ұйымдастыру мұғалімнен түрлі әдістер мен тактиканы қайта құруды талап етеді. Бұл инклюзивті білім берудің негізі болып табылады. Бұл жердегі инклюзивті білімді іске асыратын мұғалім қызметінің мақсаты – инклюзивті сыныпта оқитын әрбір баланың әлеуетін дамыту үшін оңтайлы жағдайлар жасау болып табылады. Инклюзивті сыныптағы мұғалімнің жұмысы ерекше екендігі мәлім. Осы ерекшелікті мұғалім бойына жаңа кәсіби дағдыларды үнемі игеріп әрі ұйымдастырып отыруды талап етеді. Оларды мынадай төрт кезеңге бөледі:

Бірінші кезең - білім беру процесіне қатысушылардың барлығының: балалардың, мұғалімдердің, мектеп әкімшілігінің, мамандардың, ата-аналардың танысуы және ынтымақтастықтың негіздерін қалыптастыру.

Екінші кезең – әр бала бастан кешіретін мектеп өміріне бейімделу кезеңі. Мектепке барған кезде балалардың жағдайы әдетте нашарлайтыны байқалады. Сол уақытта балалар мазасыз, тітіркендіргіш, ашуланшақ, гиперактивті немесе гиперпассивті болатыны және физикалық денсаулығы да нашарлап қалатындығында көруімізге болады.

Үшінші кезең - ерекше білімді қажет ететін баланы сыныптастарымен өзара әрекеттесуге қосу.

Ерекше бала мектепке келгенде, оны көптеген жаңа адамдар (ерсектер мен балалар) қоршап алады. Егер ерекше бала үшін сыныпта немесе балабақшаға барған таныс балалар болса ол өте керемет болады. Сыныпта, топта таныс балалар болмаса, онда психологтың, мұғалімнің үшінші кезеңдегі маңызды міндеті - баланы сыныптастарымен қарым-қатынасқа қосу міндеті болып табылады. Демек, мұғалім «ерекше» балаға оң көзқарас танытса, оны барлық балалардан ажыратуға тырыспайды, сабаққа қосады, сабақта немесе үзілісте өзара әрекеттесуді ұйымдастырады, содан кейін сыныпта сенім, ынтымақтастық және өзара көмек қатынастары қалыптасады.

Төртінші кезең - білім беру кеңістігін ұйымдастыру. Арнайы білім беру жағдайларына ерекше балаларды қосу тиімді болуы үшін мектеп мамандарын (дефектолог, психолог, логопед) жұмысқа қосу қажет. Олар мұғалімге балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтауға және білім беру процесін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар жасауға, психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыруға көмектеседі. Бұл мұғалімге

инклюзивті білім беру процесін ұйымдастыруға көмектесетін ата-аналарды тарта отырып, мамандармен бірге топтық жұмыс ұйымдастыруы керек [2].

Ерекше білімді қажет ететін балалар үшін арнайы педагогикалық технологияларды қолдану өте маңызды болып табылады. Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс істеуде қолдануға болатын педагогикалық технологиялардың түрлері атап өтеміз:

- *Әр деңгейдегі оқу технологиясы.* Бұл технология оқу материалын әртүрлі деңгейде меңгеруді қарастырады, бірақ ең төменгі базалық деңгейден кем болмайды, әр оқушының қабілеттері мен жеке ерекшеліктеріне байланысты.

- *Проблемалық оқыту технологиясы.* Оқытушының басшылығымен проблемалық жағдайлар жасалып, оқушылардың оларды шешуге белсенді түрде қатысуы ұйымдастырылады.

- *Жеке тұлғаға бағытталған тәсіл.* Бұл жүйе өзара байланысқан түсініктер, идеялар, әрекет тәсілдерін қамтиды, ол баланың өзін-өзі тануы мен өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз етіп, оның бірегей тұлғасының дамуына жағдай жасайды.

- *Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.* Олардың қолданылуы білім сапасын жақсартуға, мүмкіндігі шектеулі оқушылардың жаңа білімді алу мен меңгеруге деген мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, инклюзивті білім берудің ерекшелігі - мұғалім сыныптағы балалардың әртүрлілігін, олардың ерекшеліктерін, мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын ескереді. Осыған байланысты мұғалім сабақ барысында оқыту формаларын, әдістері мен технологияларын өзгертуіне алып келеді [3].

Олай болса, олардың ішіндегі технологиялардың түрлеріне тоқтала кетсек:

1. *Бүкіл сыныптағы фронтальды оқыту технологиялары.* Жалпы оқу қызметін ұйымдастыру ережелері мен тәсілдеріне сәйкес, инклюзивті сынып мұғалімі, оқушының танымдық қызметі, мінез-құлқы, қарым-қатынасы бойынша ерекшеліктері бар балаға жұмысқа кіріскенде оның мүмкіндіктерін ескеруі қажет. Мұндай оқушы жиі барлық сыныптың қарқынына толық ілесе алмай, тапсырмаларды өзіне қолжетімді деңгейде орындап, бірақ сыныптастарының пәннің немесе тақырыптың мазмұнын меңгеру деңгейінен төмен болады.

Бұл тұрғыдағы фронтальды оқыту технологиялары дегеніміз - бұл барлық сынып оқушыларын бір уақытта, бірдей тапсырмалармен қамтуға бағытталған оқыту тәсілдері мен әдістері. Мұндай оқыту әдісінде мұғалім сыныптың барлық оқушыларына бірдей ақпарат береді, топтық немесе жеке тапсырмалар орындау арқылы білім береді. Фронтальды оқыту технологиялары, негізінен, сыныптағы барлық балалардың бірдей материалды меңгеруін қамтамасыз ету үшін қолданылатын әдістер мен құралдар жиынтығын білдіреді.

Бұл технологиялар мынадай ерекшеліктерге ие:

- *мұғалімнің басым рөлі:* Мұғалім ақпаратты жүйелі түрде түсіндіреді, сыныптың барлық оқушыларын назарда ұстайды.

- *бірдей тапсырмалар:* Оқушыларға бірдей тапсырмалар беріледі, бірақ әр оқушының білім деңгейіне қарай оларды орындау кезеңдері немесе тәсілдері әртүрлі болуы мүмкін.

Мұғалім барлық сыныпты бірдей қарқында оқытуға тырысады, бұл барлық оқушылардың бірдей деңгейде болуын көздейді.

Жалпы фронтальды оқыту технологияларының басты мақсаты - сыныптағы барлық оқушыларды бір уақытта қатыстыру және олардың білім деңгейін ортақ стандартқа жеткізу. Алайда, бұл тәсіл инклюзивті сыныптарда оқушылардың әртүрлі қажеттіліктерін ескере отырып, қосымша әдіс-тәсілдер мен жекелендірілген көмек қажет етуі мүмкін.

2. *Балалардың әлеуметтік құзыреттілігін дамытуға бағытталған технологиялар.* Инклюзивті білім берудің негізгі нәтижелерінің бірі - өмірлік дағдыларды және әлеуметтік құзыреттерді қалыптастыру. Әлеуметтік құзыреттілікті арттыруға бағытталған технологиялар арасында үш типті атап өтуге болады:

- әлеуметтік дағдыларды тікелей оқыту;
- топтық әрекет түрлерін ұйымдастыру;

- әлеуметтік дағдыларды еліктеу арқылы қалыптастыру.

Әлеуметтік дағдыларды тікелей оқыту кезінде мұғалім балаларды ережелер мен үлгілер арқылы дұрыс тәртіпке үйретеді. Ережелерді қабылдау барлық балалар үшін өте маңызды, бірақ бұл қабылдау саналы түрде, олардың жеке тәжірибесімен байланысты болуы тиіс. Балалар топтық жұмысқа немесе фронтальды жұмысқа кіріспес бұрын, мұғалім балалардың бір-бірімен қалай әрекет етуі керектігін сыныпта талқылауы мүмкін. Мысалы, «кезекпен сөйлеу», «бір-бірін тыңдау», «түсініксіз нәрсе болса, сұрақ қою». Балаларды келіссөз жүргізуге, егер жанжалды жағдай туындаса, әр бала қалай әрекет етуі керектігін үйрету өте маңызды. Мұғалім бұл өзара әрекет процесін реттей алады.

3. Ережелерді символдық белгілер арқылы енгізу технологиялары. Мысалы, сыныпта тыныштықты қамтамасыз ету үшін «Тыныштық белгісін» енгізуге болады. Бұл белгі клен жапырағының суреті болуы мүмкін. Балалар, жапырақтың жерге түскенде шығарған нәзік шуын есту үшін, еш қалауынан тыс, өздері де үндемей қалуы мүмкін. Осыдан кейін мұғалім: «Енді келіскенімізді қараңыздар. Егер мен осы жапырақты көрсетсем, сыныпта сондай тыныштық болу керек, сонда жапырақтың қалай түскенін естуге болады», - дейді. Осы сәттен бастап мұғалім осы ережені қолдана бастайды. Егер сыныпта тыныштық қажет болса, мұғалім «Тыныштық белгісін» үнсіз көрсетеді. Егер мұғалім өзі ережені орындайтын болса, оқушылар да оны тез меңгереді.

4. Оқу қызметінің нәтижелерін бағалау технологиялары. Адаптацияланған білім беру бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру кезінде басты мәселелердің бірі - инклюзивті сыныптағы ерекше баланың оқу қызметінің нәтижелерін бағалау әдістері мен формаларын жобалау болып табылады. Мұғалімнің және психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының тиімді жұмысының маңызды көрсеткіштері - баланың дамуында оң динамика, білім беру бағдарламасын меңгерудегі прогресс және әлеуметтік құзыреттіліктің қалыптасуы [4].

Бағалаудың нысанына тек білім беру нәтижелері ғана емес, сонымен қатар оларды жету процесі де, сондай-ақ әр оқушының өз оқыту процесін қаншалықты түсінгендігі де жатады.

Мұғалім мен педагог-психолог бірге сыныппен жұмыс істеудің стратегиясын ойластырады, онда балалар тек оқу нәтижесін, өнімнің сапасын бағалап қана қоймай, сонымен қатар процессті - салынған күш-жігерді, белсенділікті, топтық жұмыстағы қатысу дәрежесін, «өзін-өзі дамытудағы» өсуді бағалауды үйренеді.

Олай болса, зерттеу тақырыбымызды қорыта келе, ерекше білімді қажет ететін балаларға қолданатын педагогикалық технологиялардың маңызы болып табылатындығын аңғардық. Жоғарыдағы көрсетілген технологиялардың түрлері оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың білім алу процесін қолдау үшін түрлі әдістер мен тәсілдерді ұсынады деп білеміз. Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың қажеттіліктеріне сай педагогикалық технологияларды қолдану тиімділігін арттыруға және оқыту процесін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Мұндай технологияларды қолдануда бірнеше негізгі бағыттарды да қарастыруымызға болады:

1. *Дифференциалды оқыту*. Дифференциалды оқыту әдісі оқушылардың жеке ерекшеліктеріне, оқу қабілеттеріне, білім деңгейіне сәйкес білім беру процесін ұйымдастыруға бағытталған. Бұл технология оқушылардың индивидуалды даму деңгейіне сәйкес тапсырмалар мен әдіс-тәсілдерді қолдануды ұсынады. Мысалы, тапсырмалардың күрделілігі әр оқушының деңгейіне қарай бейімделеді.

2. *Технологиялар мен мультимедианы қолдану*. Заманауи білім беру технологиялары мен мультимедиялық құралдарды пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттыруға және оқу процесін жеңілдетуге көмектеседі. Бұл құралдар ерекше білімді қажет ететін оқушыларға визуалды, аудио және қозғалыс құралдарын пайдалану арқылы оқыту тиімділігін арттырады.

3. *Қолданбалы және ойын әдістері*. Ерекше білімді қажет ететін оқушылар үшін қолданбалы әдістер мен ойын технологиялары тиімді болуы мүмкін. Ойын арқылы оқу процесін қызықты әрі тиімді етуге болады, әсіресе мотивациясы төмен немесе концентрациясы қиын балалар үшін.

4. *Кооперативті оқыту*. Кооперативті оқыту әдісі оқушылардың топта жұмыс істеуін, бір-біріне көмектесуін және бірге тапсырмаларды орындауын қамтиды. Бұл әдіс ерекше білімді қажет ететін оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға және олардың белсенді қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

5. *Мақсатқа бағытталған оқыту*. Оқушылардың жеке мақсаттары мен қажеттіліктеріне бағытталған оқыту тәсілдері олардың оқу процесінде жетістіктерге жетуге септігін тигізеді. Бұл технология әр оқушының оқу мақсаттарын нақты анықтап, оларды орындау үшін қажетті әдістерді таңдап қолдануды көздейді.

6. *Робототехника мен кибернетикалық құралдарды қолдану*. Ерекше білімді қажет ететін оқушылар үшін робототехника мен түрлі кибернетикалық құрылғыларды қолдану оқу процесін жаңаша, әрі қызықты етуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл әсіресе мотивациясы төмен оқушылар үшін тиімді. Қазіргі таңда аталған құралдар қаламыздағы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қолданады.

7. *Мұғалім мен ата-ана арасындағы байланыс*. Міндетті түрде ерекше білімді қажет ететін оқушыларды оқытуда ата-аналармен тығыз байланыс орнату өте маңызды болып табылады. Мұғалімдер мен ата-аналар бірлесіп, баланың дамуын бақылап, қажетті түзетулер мен қолдау шараларын ұсына алады.

Ерекше білімді қажет ететін оқушыларды оқытуда педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану олардың оқу процесін жеңілдетуге және оқуға деген қызығушылықтарын арттыруға үлкен мүмкіндік береді деп қорытындылаймыз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Чернилевский Д. В., Филатов О. К. Технология обучения в высшей школе. М., 1996.
2. Гайдукевич С.Е. Организация образовательной среды для детей с особенностями психофизического развития в условиях интегрированного обучения: учеб.-метод. пособие / С. Е. Гайдукевич [и др.]; под общ. ред. С. Е. Гайдукевич, В. В. Чечета. - Минск: БГПУ, 2006. - 98 с.
3. Музафарова Е. А. Технологии инклюзивного образования как средства для создания безбарьерного обучения детей с ОВЗ// Образование и воспитание. - 2016.- №5. - С. 89-91. - URL <https://moluch.ru/th/4/archive/48/1705/> (Қаралған күн: 24.03.2025).
4. Бабакова Е.Н., Зотьева Е.Н., Киселева Е.В. Применение инклюзивных педагогических технологий в создании «безбарьерной» среды для детей с овз, обучающихся в условиях массовой школы / Журнал «Теория и практика современной науки», - №12(54), - 2019, С.505-509.